

"Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 24 ақпандағы № 166 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің міндетін атқарушы бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 236 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 сәуірде № 20519 болып тіркелді.

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 01.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тасымалдаушының әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыруына байланысты шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 166 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11540 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Ережеде әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау көрсетілген бұйрықта бекітілген.

13 тармақты келесі редакцияда мазмұндау

"13. Ұзақ мерзімді субсидиялауға тиісті деңгейдегі бекітілген бюджет шегінде мынадай шығыстардың түрлері жатады:

1) магистральды теміржол желісінде көрсетілетін қызметтер шығыстарын, оның ішінде басқа тасымалдаушылардың поездарының құрамындағы тіркелмелі және жолда тоқтамайтын вагондардың жүріс шығыстары;

2) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдау кезінде тартылған вагондарды күтіп-ұстауға, олардың вагон бойынша жөндеудің жоспарлы түрлерін, ағымдағы техникалық жөндеу және техникалық қызмет көрсету, амортизациялық бөлектеуді қоса алғандағы шығыстары;

3) жолаушыларды әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша тасымалдауында тартылған вагондарды жалға алу шығыстары;

4) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 497 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар қатынастар

бойынша жолаушыларды тасымалдаушылар мен операторлардың вагондарды (контейнерлерді) сатып алуын кредиттеуге және олардың қаржыландыру лизингіне сыйақының мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14002 болып тіркелген) сәйкес әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдау кезінде тартылған вагондарды республикалық бюджеттен субсидиялау жағдайын қоспағанда (негізгі борыштарды өтеу және қарызға қызмет көрсетуге шығындар) қарыздар бойынша қаржылық шығыстарды енгізе отырып сатып алуға арналған шығыстар;

5) анықтама бюросының ақпарат беруі бойынша және вокзалдың жалпыға ортақ пайдаланылатын үй-жайларына жолаушылардың кіруіне рұқсат беру бойынша теміржол вокзалдары мен станциялардың көрсетілетін қызметтеріне шығыстары.

6) поездарды тартуға жанармай және электроэнергияны қоса алғанда, тарту жылжымалы құрамын пайдалануға байланысты шығыстары."

13-1 тармақты келесі редакцияда мазмұндау:

13-1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарымен әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (облысшілік қаларалық) және қала маңындағы қатынастар бойынша отын және поезд күшінің электр энергиясын қосқанда жылжымалы құрам күші эксплуатациямен байланысты шығындармен, локомотив күші қызметіне шығындар тасымалдауды ұйымдастыру жағдайында жолсеріктердің, поезд локомотив бригадалары бастықтарының еңбекақысын төлеу қоры, әлеуметтік аударымдар, вагондарды сумен және отынмен жабдықтау, вагондарды дератизациялау, дезинсекциялау, дезинфекциялау, перрондарды жалға алу бойынша қызметтер, теміржол вокзалдарында анықтама-ақпараттық қызметтер, жұмсақ жиналмалы мүкәммалдарды жуу және химиялық тазалау, жолаушылар вагондары үшін мүкәммал және жабдықтарды сатып алу және күтіп-ұстау, медициналық қызметтер (жолсеріктердің, поездың және локомотив бригадалары), жалпы қолданыстағы вокзал үй-жайына кіру бойынша қызметтер ұзақ мерзімді субсидиялауға жатады.

Ережеде көрсетілген 1 және 2 қосымшаны осы бұйрықтағы 1 және 2 қосымшаға сәйкес редакцияда мазмұндау.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитетін белгіленген бұйрық тәртібінде қамтамасыз ету:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;;

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. 2020 жылғы 1 желтоқсаннан бастап осы бұйрық қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 19.08.2020 № 436 (01.07.2020 ж. қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі

Б. Атамкулов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2020 жылғы 27 сәуірдегі
№ 236 бұйрығына
1-қосымша
Әлеуметтік маңызы бар
қатынастар бойынша
жолаушылар тасымалын
жүзеге асырумен байланысты
тасымалдаушының шығыстарын
ұзақ мерзімде субсидиялау
қағидаларына
1-қосымша

Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдауды орындау туралы ай сайынғы есеп 20 __ жылғы ____ (облыс ішілік/ ауданаралық қатынастар үшін)

Кезең (ай)	Поезд №	Қатынас	А р а қашықтық ,км	Қатынау жиілігі	Вагон типі	Вагондардың азаймайтын жүрген жолы мың.ваг/км	Вагондардың жүрісі, мың.ваг/км	Жолаушылар айналымы мың.жол. км	Тасымалданған жолаушылар, мың. адам
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Кестенің жалғасы

Халық саны, адам/вагон	Тасымалдар бойынша шығындар,мың.теңге						Барлық шығындар
	М Т Ж қызметіне	Локомотив күші қызметіне	Жалға беруге	Вагондарды сатып алуға	Вагондарды ұстап тұруға	Басқа да шығындар	
11	12						13

Басшы

Бас бухгалтер

Мөрдiң орыны (бар болған жағдайда)

Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдауды орындау туралы ай сайынғы есеп 20 __ жылғы _____ (облысаралық қатынастар үшін)

Кезең (ай)	Поезд №	Қатынас	А р а қашықтық ,км	Қатынау жиілігі	Вагон типі	Вагондардың азаймайтын жүрген жолы мың.ваг/км	Вагондардың жүрісі, мың.ваг/км	Жолаушылар айналымы мың.жол. км	Тасымалданған жолаушылар, мың. адам
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Кестенін жалғасы

Халық саны, адам /вагон	Тасымалдар бойынша шығындар, мың теңге					Барлық шығындар
	М Т Ж қызметіне	Жалға беруге	Вагондарды сатып алуға	Вагондарды ұстап тұруға	Басқа да шығындар	
11	12					13

Басшы

Бас бухгалтер

Мөрдiң орыны (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы

Индустрия және

инфрақұрылымдық

даму министрінің

2020 жылғы 27 сәуірдегі

№ 236 бұйрығына

2-қосымша

Әлеуметтік маңызы бар

қатынастар бойынша

жолаушылар тасымалын

жүзеге асырумен байланысты

тасымалдаушының шығыстарын

ұзақ мерзімде субсидиялау

қағидаларына

2-қосымша

Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдаудың орындалуы туралы жыл басынан өсу бойынша есеп 20 ____ жылғы _____ (облысiшiлiк/ауданаралық қатынастар үшiн)

Кезең	Пойыздың №	Қатынас	А р а қашықтық км.	Қатынау жиілігі	Вагон типi	Вагондардың азаймайтын жүрген жолы мың.ваг/км	Вагондардың жүрген жолы , мың.ваг/км	Жолаушылар айналымы мың.жол.км	Жолаушылардың тасымалдануы, мың. адам
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Кестенің жалғасы

Тасымалдау жөніндегі шығыстар, мың.теңге						Шығыстардың барлығы мың.теңге	Шығыстарды ұзақ мерзімді субсидиялау көлемі, мың.теңге	
МТЖЖ қызметі	локомотивпен тарту қызметіне	вагондарды жалдау	вагондарды сатып алу	вагондарды дұрыс ұстау	Басқа шығыстар		ж ы л басынан төленген субсидия	субсидиялауға жатады
11						12	13	14

Басшы

Бас бухгалтер

Мөрдiң орыны (бар болған жағдайда)

Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдаудың орындалуы туралы жыл басынан өсу бойынша есеп 20 ____ жылғы _____ (облысаралық қатынастар үшін)

Кезең	Пойыздың №	Қатынас	А р а қашықтық км.	Қатынау жиілігі	Вагон типі	Вагондардың азаймайтын жүрген жолы мың.ваг/км	Вагондардың жүрген жолы , мың.ваг/км	Жолаушылар айналымы мың.жол.км	Жолаушылардың тасымалдануы, мың. адам
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Кестенің жалғасы

Тасымалдау жөніндегі шығыстар, мың.теңге					Шығыстардың барлығы мың.теңге	Шығыстарды ұзақ мерзімді субсидиялау көлемі, мың.теңге	
МТЖЖ қызметі	вагондарды жалдау	вагондарды сатып алу	вагондарды дұрыс ұстау	Басқа шығыстар		жыл басынан төленген субсидия	субсидиялауға жатады
11					12	13	14

Басшы

Бас бухгалтер

Мөрдiң орыны (бар болған жағдайда)